

Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 165/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 мамырда № 32416 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қоса беріліп отырган біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін (бұдан әрі – біліктілік талаптары).

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің электрондық өнеркәсіпті және цифрлық активтер индустриясын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсыну.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін біліктілік талаптарының 1-тармағының 5) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 165/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 04.12.2023 № 598/НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

| № п/п | Біліктілік талаптары | Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар |
|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| Меншік құқығында немесе басқа да заңды негіздерде цифрлық майнинг деректерін өндеу орталығы бар цифрлық майнердің қызметіне – I кіші түрдің болуын қамтиды: | | |
| 1. | цифрлық майнинг үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді тізілімге енгізу туралы ақпарат | Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізілімінде қамтылған (меншік құқығында немесе басқа да заңды негіздерінде цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің болған кезде) |
| 2. | меншік құқығында немесе басқа да заңды негізде цифрлық майнинг деректерді өндеу орталығының болуы туралы ақпарат | Деректерді өндеу орталығының орналасқан жерін көрсете отырып, меншік құқығында немесе басқа заңды негізде цифрлық майнинг деректерді өндеу орталығының болуы туралы растайтын құжат |
| 3. | цифрлық майнинг деректер орталығының тұрғын үй аймағынан тыс орналасуы туралы ақпарат | Цифрлық майнинг деректерін өндеу орталығының тұрғын үй аймағынан тыс орналасуы туралы растайтын құжаттар (еркін нысандарғы кепілдендірілген хат) |

| | | |
|----|---|--|
| 4. | <p>цифрлық майнинг қызметін цифрлық майнинг пулы арқылы жүзеге асыру туралы ақпарат</p> | <p>Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттеген майнингтік пулдар бар кезінде цифрлық майнингтік пул арқылы цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру туралы растайтын күжаттар (меншік құқығында немесе цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенің басқа да заңды негіздерінде болған кезде): анықтама, жазбаша жауап немесе цифрлық майнинг пулымен жасалған шарт.</p> |
| 5. | <p>Қазақстан Республикасы "Электр энергетикасы туралы" Заңының 9-4-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Заң) сәйкес цифрлық майнерде электр энергиясын коммерциялық есепке алу дыны автоматтандырылған жүйелерінің жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, жүйелік операторда және энергия беруші үйымда орнатылған жүйелермен өздерін біріздендіруді олардың желілеріне қосылған кезде қамтамасызын ететін телекоммуникация жүйелерінің болуы туралы ақпарат</p> | <p>Заңның 9-4-бабының 2-тармағына сәйкес цифрлық майнерде электр энергиясын коммерциялық есепке алу дыны автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, жүйелік операторда және энергия беруші үйымда орнатылған жүйелермен өздерін біріздендіруді олардың желілеріне қосылған кезде қамтамасызын ететін телекоммуникация жүйелерінің болуын растайтын құжат.</p> |
| 6. | <p>электр желілеріне қосылуға техникалық шарттардың (бұдан әрі – ТШ) болуы туралы ақпарат*: Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес рұқсат етілген куаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 киловольт және одан жоғары трансформаторлық қосалқы станциялардан ғана энергия беруші үйымдардан ТШ алған цифрлық майнерлер үшін;</p> | <p>Заңға сәйкес рұқсат етілген куаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 киловольт және одан жоғары трансформаторлық қосалқы станциялардан энергия беруші үйымдар берген цифрлық майнерлер үшін ТШ. тиісті қызмет түрі (дата-орталықтар, өндірістік немесе өнеркәсіптік ғимараттар)</p> |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | 2023 жылғы 1 сәуірге дейін энергия беруші (энергия өндіруші) үйым берген ТШ. үйымның электр желілеріне косуды жүзеге асырған цифрлық майнерлер үшін | | |
| Меншік құқығында немесе басқа да заңды негіздерде цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығы жок және оған меншік құқығында тиесілі цифрлық майнингке арналған, цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығында орналасқан аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдалана отырып, цифрлық майнингті жүзеге асыратын цифрлық майнердің қызметіне – II кіші түрдің болуын қамтиды: | | | |
| 7. | цифрлық майнингке үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізліміне енгізу туралы ақпарат | цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді тізлімге енгізу туралы хабарлама | |
| 8. | меншік құқығында оған тиесілі цифрлық майнинг үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің деректерді өңдеу орталығында орналастырылуы туралы ақпарат | I кіші түрдегі лицензияланған майнерімен, оның атауын көрсете отырып, ынтымақтастық ниеті туралы еркін нысандағы кепілдендірілген хат | |
| 9. | цифрлық майнинг қызметін цифрлық майнинг пулы арқылы жүзеге асыру туралы ақпарат | Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген майнингтік пулдар бар кезінде цифрлық майнингтік пул арқылы цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру туралы растайтын құжаттар: анықтама, жазбаша жауап немесе цифрлық майнинг пулымен жасалған шарт). | Цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру барысында бір цифрлық майнингтік пулынан екіншісіне ауысқан жағдайда, цифрлық майнер 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілдеме органға ақпараттық жүйе арқылы хабарлайды. |

Ескертпе: *Генерациялайтын қондырғылары Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикалық жүйесіне қосылмаған энергия өндіруші үйымдардан электр энергиясын сатып алатын көрсетілетін қызметті алушыларға қолданылмайды.